



АЗАМАТТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ. СОТ ӨНДІРІСІ, 1-БӨЛІМ (1)

Іс бойынша өтініш хаттар беру





1. Іс бойынша мәлімдеменің сипаты мен маңызы.

- 1.1. Сенімді ақпарат жеткізу қабілетсіздігінен іс бойынша мәселені қараусыз қалдыру мүмкіндігі.
- 1.2. Іс-жүргізудегі уақытты үнемдеу мен нақтылықтың қажеттілігі.
- 1.3. Өтініш хаттармен айғақтарды беру немесе заңи өтініштерді тұжырымдаудың ара-жігінен өткізу.
- 1.4. Адалдық жөнінде айып тағу үшін сенімді қолдаудың қажеттілігі
- 1.5. Қорғану туралы мәлімдеме.
- 1.6. Өтініш хатта қасақана жалған ақпарат көрсеткені үшін құрметтемеу қаупі.

Қазіргі таңда тараптардың негізгі тұжырымдарын ұсынуы «іс бойынша мәлімдеме» деп аталады, дегенмен ол тарихи «өтініш хат» ретінде белгілі.

1. ІС БОЙЫНША МӘЛІМДЕМЕЛЕРДІҢ СИПАТЫ МЕН МАҢЫЗЫ

Даулы мәселелер «іс бойынша мәлімдеме» мазмұнынан анықталуы қажет, Портмантаудың бұл сөзі наразылық (яғни, кінәрат-талап) үлгісін (нысанын), наразылықтың егжей-тегжейін (егер ол наразылық нысанынан бөлек болса), қорғаныс пен қорғанысқа мүмкін болатын жауапты, «алдағы ақпарат» (ең алдымен «қосымша және нақты ақпарат») пен қарсы талап қою немесе үшінші тараптың істі қарауын қамтиды (Н. Эндрюстің айтуынша бүгінгі күні екеуі де «20 бөлім бойынша талап ету» ретінде белгілі).

«Өтініш хаттардың» функциялары (қазір олар «іс бойынша мәлімдемелер» ретінде белгілі)

1. Тараптарға даудың мәнін анықтауға мүмкіндік бере отырып, істі бірыңғайлауға септігін тигізіп, сот ісін жүргізудің кульминациясына өтуіне мүмкіндік туғызады.
2. Әрбір тарапқа іс бойынша белгілі бір мәселелер туралы ақпарат беріп, сол арқылы тосыннан шабуыл жасау тактикасын алдын алуға мүмкіндік береді, сондай-ақ тиісті алдын-ала хабарландыру қағидасын ішінара қанағаттандырады. Лорд Миллет мұны өтініш хаттың негізгі функциясы деп болжайды.
3. Нақты мәлімдемелер тараптарды қасақана емес жалған мойындаудан сақтандыра алады.
4. Өзге ережелерді нақты қолдануға мүмкіндік беретін іс-жүргізу параметрлерін орнатады, ақпаратты ашу үдерісі кезінде анықталуы қажет «тиісті» материалдар көлемін бақылауға мүмкіндік береді. Қазіргі кезде ақпарат ашу көлемі АСӨ белгілеген «қалыпты» («стандартты») ашу анықтамасымен шектелгеніне қарамастан, бұл маңызды болып табылады, өтініш хат сондай-ақ кез-келген келесі шешімнің көлемін анықтайды, «res judicata» доктринасы жекелеген іс-әрекеттерде бір сұрақтың екі рет қойылуына жол бермейді.
5. Істің қысқаша мазмұндамасын қоса алғанда тараптардың өз позициясын баяндауы, сот үшін істі қай сотқа беру қажеттілігі туралы шешім қабылдауы кезінде немесе іс жүргізудің алғашқы сатысында қандай да бір мәселені анықтап, іс бойынша басшылық жасау үдерісінде аса маңызды жайтты құрайды.
6. Заңға сай емес немесе іс-жүргізуге теріс әсер келтіреді деген негізде қарсы тарапқа тиісті өтініш хаттың күшін жоюға (немесе өз бастамасы бойынша әрекет етіп жатқан сотты болдырмауға) мүмкіндік береді, себебі іс үмітсіз болса, дұрыс рәсімделмеген немесе өзгеше түрде іс-жүргізуге қолайсыз болса сотта істі қарауға барудың болашағы жоқ.

1.1. СЕНІМДІ АҚПАРАТ ЖЕТКІЗУ ҚАБІЛЕТСІЗДІГІНЕН ІС БОЙЫНША МӘСЕЛЕНІ ҚАРАУСЫЗ ҚАЛДЫРУ МҮМКІНДІГІ

Сотта қаралатын мәселелерді қоса алғандағы даудың көлемі өтініш хатпен анықталады.

Мысал: «Lombard North Central plc v. Automobile World (UK) Ltd» (2010) ісі бойынша апелляциялық соттың қаулысы бойынша, М.-ге тиесілі айыпталушы компания сотта талап қоюшы (талапкер) ретінде танылды, бірақ өз қорғауын жеткілікті мәлімдей алмағандықтан (көліктің шыққан жылының дұрыс жазылмағандығы жөнінде) бұл мәселені көтере алмайды.

Істің мәні мынада болатын, жауапкер-компания қымбат көлік сатып алады, дегенмен алпыс жарнаның тек бірнешеуін ғана төлеп, өз міндетін орындамайды. Несие беруші компания факс бойынша аукционда көлікті жеке тәртіппен қайта сатып жібереді, алайда қайта сату бағасы сатып алу бағасына қарағанда (194 000 фунт стерлинг) әлдеқайда төмен болады (59 900 фунт стерлинг). Сот талқылауы барысында сот қалған



төлемді бөліп төлеу және шығындар мен пайыздар туралы талапты қанағаттандырды.

Сот қаулы етті, дәлелдеу ауыртпалығы жауапкерге жүктелгендіктен, ешқандай жұмсақтық шаралары танылған жоқ, талапкер, яғни қаржы компания тарапынан қайта сатуы негізсіз болғандықтан талапты қанағаттандырмау негізсіз болар еді.

Өзге қорғанушыға қатысты айтатын болсақ, сот сенімсіз қорғанысқа негізделген тарапты тыңдаудан бас тартты, себебі тарап көлік жылы дұрыс көрсетілмеген деген болжам негізінде әреке еткен. Бұл сәтте ол өзін кінәлі деп мойындамаған болатын. Сонымен қатар, көлік жылының бұрмалануы өтініш хатта көрсетілмеген еді.

Егер жауапкер кейінге шегерумен байланысты талапкердің шығындарын төлемеген жағдайда, сот талқылауының басында қорғанушы тарап көлік жылының бұрмаланғанын көрсеткенімен сот өтініш хатқа түзету енгізуге рұқсат бермеуге құқылы еді деген қорытындымен апелляциялық сот өз келісімін білдірді.

«Lombard North Central plc v. Automobile World (UK) Ltd» (2010) істен сабақ алуға болады, себебі талапкер немесе қорғанушы тарап негізгі мәселені үнемі нақты мәлімдеуі қажет.

Іс бойынша мәлімдемеде (өтініш хатта):

1. Істің мән-жайы толық және жан-жақты баяндалуы қажет.
2. Әрбір тарап алдын-ала келесі тараптың қандай талап қоятынын білуі керек және оған тиісінше дайындалуы қажет.

Судья келесі іс-әрекеттерді жасауға міндетті емес:

1. Талап қоюшының өтініш хатын өзгерту туралы өтініш жасағысы келетінін анықтауға;
2. Талап қоюшы іске толықтыру енгізгісі келеді ме деп сұрауға;
3. Өтініш хатқа енгізілмеген сұрақты тыңдауға;
4. Сот талқылауы кезінде тергеу объектісі болмаған мәселеге икемді көзқарас танытуға.

1.2 ІС-ЖҮРГІЗУДЕГІ УАҚЫТТЫ ҮНЕМДЕУ МЕН НАҚТЫЛЫҚТЫҢ ҚАЖЕТТІЛІГІ

Талап (кінәрат-талап) нысанында келесі мәселелер қамтылуы тиіс:

1. Талаптың (кінәрат-талаптың) қысқаша сипаттамасы мен арыз беруші жүгінген құқықтық қорғау құралдардың көрсетілуі;
2. Талап қоюшы сілтеме жасайтын қысқаша фактілер баяндамасы;
3. Шығындар есебі;
4. Келтірілген шығындар пайызына, тұрақты немесе уақытша зиянға қатысты кез-келген талаптар.

Мысал, «McPhilemy v. Times Newspapers Ltd» (1999) ісінде апелляциялық сот атап өтті:

Өтініш хаттар пропорционалды емес, ұзақ болмауы керек және қосымшалардың негізгі бөлігі, әсіресе, жала жабу әрекеттеріне байланысты куәгерлердің мәліметтермен алмасулары арқылы толықтырылатынын ескере отырып жасалғаны дұрыс.

Апелляциялық сот сондай-ақ істі басқаруды маңызды мәселелерді анықтау және шығындары мен уақыты пропорционалды емес жұмсалатын қажетсіз мәселелерден бас тарту үшін қолданған жөн екенін атап өтті.

«McPhilemy» ісінде Лорд Вульф өтініш хат пен АСЕ жүйесінің өзге де жайттарымен байланысты келесі жалпы ескертулер жасады.

Өтініш хаттар және АСЕ жүйесінің өзге де жайттарымен байланысты жалпы ескертулер:

1. Толық (егжей-тегжейлі) сөз сөйлеуді жүзеге асыру қажеттілігі, бірақ олар куәгерлердің жауап алмасуы талабы есебінен қысқартылуы керек;
2. Тараптың сүйенетін құжаттарын идентификациялау (барлық құжаттар куәгерлер жауабының көшірмелерімен бірге іске тіркелуі тиіс);
3. Талап қоюшы ісінің жалпы сипаттамасын айқындап алу;
4. Әр тараптың қойып отырған талаптар (кінәрат-талаптар) белгілерін анықтап алу.

1.3. ӨТІНІШ ХАТТАРМЕН АЙҒАҚТАРДЫ БЕРУ НЕМЕСЕ ЗАҢИ



ӨТІНІШТЕРДІ ТҰЖЫРЫМДАУДЫҢ АРАЖІГІН ӨТКІЗУ

Істің алғашқы бастамасында талап қоюшы іске өзінің талабын негіздейтін айғақтардың егжей-тегжейлігін іске қоса тіркеуінің қажеті жоқ.

Талап қоюшы талабын (кінәрат-талабын) дайындау кезінде келесі мәселелерді баяндауы қажет:

- алаяқтық туралы кез-келген пайымдау;
- заңсыздық фактісі;
- істі бұрмалау туралы мәліметтер;
- сенімге күмән келтіру туралы барлық ақпарат;
- факті немесе фактіні білу туралы хабарлау;
- есі дұрыстығы немесе шамадан тыс ықпал ету туралы мәліметтер;
- қасақана дефолт туралы ақпарат;
- зиян мен шығынды төмендетуге қатысты кез-келген фактілер.

АСЕ бірқатар мәселелер бойынша талап (кінәрат-талап) мазмұнында көрініс табуға тиіс сұрақтардың басқа тізімін белгілейді. Ол келесі мәселелерге қатысты:

- дене жарақатына немесе өлімге әкелген жазатайым оқиғаларға қатысты;
- жер телімін қайтаруға қатысты әрекеттер;
- бөліп төлеу негізінде сатып алуларға қатысты.

АСЕ тараптардың талап қою арызына келесі мәлімдемелерді қосуға рұқсат етеді:

1. Талаптың немесе қорғаныстың негіздемесін құрап отырған кез-келген құқықтық тармақты;
2. Тараптың шақыруға ұсынып отырған кез-келген куәгердің аты-жөнін;
3. Тараптың талап қоюға немесе қорғануға қажет деп тапқан кез-келген құжаттың көшірмесін.

1.4. АДАЛСЫЗДЫҚ ЖӨНІНДЕ АЙЫП ТАҒУ ҮШІН СЕНІМДІ ҚОЛДАУДЫҢ ҚАЖЕТТІЛІГІ

Адалдыққа күмән келтіру туралы пайымдауды тек нақты дәлел бар кезде ғана қабылдау қажет.

Мысал, «Medcalf v. Mardell» (2002) ісінде Лордтар палатасы Адвокаттар коллегиясы Англия мен Уэльс Адвокаттарының іс-әрекеті (жүріс-тұрысы) туралы Кодекс негізінде жұмыс істеуі керек екендігін атап өтті.

Англия мен Уэльс Адвокаттарының іс-әрекеті туралы Кодексіне сәйкес:

1. Адвокат алаяқтық туралы айыптауды қамтитын қандай да болмасын мәлімдеме (өтініш) жобасын жасамауы керек;
2. Адвокат істі жүргізуге негіз болатын клиенттің жалған ақпаратына негізделген фактілерді өңдемеуі керек;
3. Адвокат толық және дәл ақпараты көрсетілген нақты мәлімдемені дайындауы тиіс;
4. Алаяқтық туралы мәлімдеме куәгерлер жауабымен немесе дәлелмен бекітіліп берілуі қажет.

«Medcalf v. Mardell» (2002) ісінде Лордтар палатасының қаулысына сәйкес жауапкерлер күмәндануы тиіс еді: клиенттері атынан тағылған айыпты қолдау үшін бұл адвокаттарға нақты «материалдар» жетіспеді деп ойлауға Апелляциялық соттың сенімді негіздемесі болған жоқ.

1.5 ҚОРҒАНУ ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕ

Жауапкер өзін қорғау үшін қойылған талаптың мән-жайында қандай ұстанымды ұстанғанына қарай үш тәсілді пайдалана алады:

Теріске шығару: Жауапкер себебін көрсетуі керек және кез-келген «оқиғаның өзге нұсқасын» ұсынуы қажет.

Растауды қажет ету: Егер жауапкер дәл қазіргі сәтте талаптарды мойындауға немесе теріске шығаруға мүмкіндігі болмаса.



Мойындау.

Мысал.«Barclays Bank plc v. Bouter» (1999) ісінде Лордтар палатасы жауапкер ұсынылған қорғанудың нақты әрі әділ сипатта болуы қажет екендігін атап өтті. Дегенмен факт бойынша жауапкер ақталды.Бұл сотқа дейінгі отырыста тиісті мәселелер ауызша түрде талқыланып, байланысты болды. Нәтижесінде қарсы тарап сол кезде «іс барысында жауапкер қойылатын сұрақтар туралы алдын-ала біліп отырды».

Талап қоюшы қорғанысқа «жауап» беруді қалауы мүмкін, бірақ одан бас тарта отырып, сот қарауын даулай алады, себебі жауапкер не тікелей, не жанама түрде нақты сұрақтарды мойындамаған болса.

АСЕ бұған байланысты ешқандай жауапқа «жауап» болуына жол бермейді.

1.6. ӨТІНІШ ХАТТА ҚАСАҚАНА ЖАЛҒАН АҚПАРАТ КӨРСЕТКЕНІ ҮШІН ҚҰРМЕТТЕМЕУ ҚАУШ

Талаптар нысанымен өзге де «істі баяндау» түрлері (талап қоюшы немесе жауапкер болса да) шынайы мәліметтермен расталған болуы керек. Жалған мәлімдемелер сотқа құрмет көрсетпеген алып келуі мүмкін.

Тараптар адвокатының бірі іс бойынша мәлімдемеге қол қойса, егер ол өзі іске ұздансыз араласпаған болмаса, адвокат өз клиентінің жалған мәліметтері үшін жеке жауапкершілікке тартылмайды, егер клиент адвокатқа жалған мәлімдеме жасауға уәкілеттік берген болса, адвокаттың қолтаңбасы жалған мәлімдеме бергені үшін клиенттің жауапкершілігіне алып келуі мүмкін.

Мәлімдеменің түп нұсқасы немесе оның түзетпесі, ішінде қарама-қарсы талаптар мен қарсылықтар болғанына қарамастан, жарамды болып табылады, егер екі шарт орындалса:

- егер мәлімдемеден оның авторы белгілі бір баламаны дұрыс деп шынайы сенгендігі анық көрінетін болса;
- егер мәлімдеме жай болжам емес, ол нақты дәйекке сүйенген болса.

Мысал, «Adams v.Ford» (2012) істе апелляциялық сот талап қоюшы шындықты қасақана жалған түрде жеткізгендігіне қарамастан талап қою нысаны жарамды болып қала береді деп қаулы шығарды. Бұл істе талап қою арызына тиісті адвокатқа өздерінің атынан іс қозғауға ешқандай уәкілеттік бермеген мәлімдеушілердің аты-жөні енгізілген еді.

Қолданылған және ұсынылатын әдебиеттер

1. Кудрявцева Е.В. Гражданское судопроизводство Англии. - М.: Издательский дом «Городец», 2008.
2. Эндрюс Н. Система гражданского процесса Англии: судебное разбирательство, медиация и арбитраж / Пер. с англ.; Под ред. Р.М. Ходыкина. М.: Инфотропик Медиа, 2012. – 544 с.
3. Andrews N. Andrews on Civil Processes. Vol. I. Intersentia, 2013.